



Қазақстандағы су көздері

11топ ОМФ
Ахметова. Р
Сеиполова. М

Су жердің нәрі. Ол
болмаса барлық тіршілік
атаулы жойылар еді.



Оңтүстік Қазақстан облысы

Облыстың су қорларын ірілі-ұсақты 127 өзен (жалпы ұзындығы 5 мың шақырымдай), 34 көл (көлемі 110 млн. текше метр), 30 бөген (көлемі 6 млрд. текше метр),

29 пайдаланылатын жер асты сулары және 5 минералды су көздері құрайды. Жалпы облыс аумағына жылына орташа есеппен 37 млрд. текше метрге жуық су келіп, осыншама мөлшерде су кетіл отырады.

Облыстағы ең ірі және ұзын өзен
- Сырдария өзені басқа
мемлекеттерден басталып,
Қызылорда облысы арқылы Арал
теңізіне құяды.

Облыс аумағындағы Сырдария
өзенінің негізгі саласы Арыс өзені
(378 км),

ол Алатау мұздықтарынан басталып, жол-жөнекей Боралдай (130 км), Ақсу (133 км), Машат (60 км), т.б. көптеген өзен суларымен толығады. Маңызды да ірі өзендер қатарына Келес (102 км), Бадам (145 км) өзендерін жатқызуға болады.

блыстағы ең үлкен суқойма - Шардара бөгені 1965 жылы пайдалануға берілген, су сыйымдылығы 5,2 млрд. текше метр, су өткізу мөлшері 200 м³/с.



Одан су алатын Қызылқұм
(106 км), Шардара (10 км)
каналдары арқылы 71,5 мың
гектар егістік жер
суландырылады.



Облыстағы 500 мың гектардан астам суармалы жерлерді игеру үшін 14336 шақырым су арналары, 4743 км су қашыртқылары және 1900 дана тік дренажды ұңғышалар жұмыс істейді.

Орталық Қазақстан

Орталық Қазақстан шөлейт-шөлді, табиғи су қорлары жеткіліксіз аймаққа жатады. Облыстың климаты күрт құрғақты, айқын құрлықты, өте құбылмалы,

Өзен мен көлдері
кішігірім тұйықтығымен,
ауыз суының қорының
тым аздығымен
өзгешеленеді.



Қарағанды
облысындағы су
ресурстарының қоры
Ертіс-Қарағанды каналын
қоса есептегенде жылына
3,4 миллиард текше метр.



Оның жыл сайын 2-2,3 миллиард текше метрі пайдаланылады. Негізгі су көздері Нұра өзені, оның Шерубай-Нұра және Соқыр құймалары, Ертіс-Қарағанды каналы, Каракеңгір және Жезді өзенідері, Балқаш көлі болып табылады.

Нұра өзенінің жалпы ұзындығы 910 км. Бассейннің ауданы 50 мың шаршы километрден астам. Нұра Орталық Қазақстандағы ірі көлдердің бірінен саналатын Қорғалжын көліне барып құяды.

Ең бір қиыны- осы Нұраның суы мен өзен табаны техногендік қалдықтармен ластанған. Олар пайдаланылған суы Самарқанд су қоймасына барып қосылатын «Испаткармет» ААҚ,

Теміртау 13 химияметаллургия зауыты, «АБС Энерго» және «КарГРЭС-1» кәсіпорындары. Мұнымен қоймай жыл сайын бір рет Қарағанды тоған шаруашылығының лас суы да қосылады.

Ал «Карбид» АҚ болса, бұл
өзенді сынаппен ластандырушы.
Осы кәсіпорынның өндірістік
аумағын зерттеген кезде
топырақтың үстіңгі қабатындағы
сынап құрамы 375 мгр\кг,

ал кейбір жерлерінде
3000-6000 мгр\кг. дейін жетеді.
Алдын ала зерттеулерге
қарағанда «Карбид» АҚ
аумағындағы сынап кем дегенде
50 тоннаға жуық.

Балқаш көлі-Каспий және Арал теңіздерінен кейінгі ірі көлемдегі және ағынсыз су қоймасы. Көлдің ұзындығы –614 км, ені-3,5-ден 44 км-ге дейін.

Ең терең жері 26 метрге
дейін жетеді. Айдын көл беті
18200 шаршы км болса,
тоғандарының ауданы 413000
шаршы километр

Мамандардың айтуына
қарағанда су деңгейі 2,5
метрге дейін төмендеген.
Көл суы жағалаудан 100
метрге дейін шегінген.



Бұрын балықшылар жылына 10 мың тоннаға дейін балық ауласа, кейінгі кезде оны 1000 тоннаға дейін әзер жеткізетін болды.

Қазақстан табиғат
ресурстарын өндірістің
дамуына сай пайдаланып
жатқан жоқ. Министр әсіресе
ауыл шаруашылығында су
көздері ысырапсыз
пайдаланылады.

ауыл шаруашылығы
министрлігі биылдан бастап
жаңа технологияларды қолдану
арқылы су көздерін тиімді
пайдаланған шаруа
қожалықтарына жеңілдіктер
дайындалғанын хабарлап отыр.

Алматылықтар су ішіп отыр ма, әлде у ішіп отыр ма?

Қала бойынша ауызсу жүретін құбырлардың 80 пайызға жуығы ескіріп, ауыстырылмағандықтан тат басып, судың сапасына кері әсерін тигізіп отыр.

Соңғы жылдары су құбырының желілерінде апаттар жиі көрініс табуда. Мәселен, 1998 жылы 1304 апат болса, 2007 жылы олардың саны 3200-ге жетті.


Өлі су дегеніміз -барлық
минералдар мен
микроорганизмдерден
тазартылған су. Ешқандай
қоспасы жоқ, химиялық таза
өнім: H_2O .

Ал тірі су дегеніміз - ол үнемі динамикалық қозғалыста болатын әр түрлі тұздар бар өзен-көлдердің суы.

Лас су көздері

Алматыдағы су көздерінің тазалығы сын көтермейді. Қаланың ортасын қажарып ағатын үш өзен мен өзге де ұсақ су көздері Қапшағай су қоймасына барып құяды.

өзендерді жағалай жайғасқан
мейрамханалар мен жеке
меншік нысандар қала
тұрғындары тұтынатын суды
тұрмыстық қалдықпен ластауда.



**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет**